

КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІК АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Бирмаганбетова Айгерим Саматқызы

aiko-97@inbox.ru

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD – Мугауина Г.О.

Аңдатпа. Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг пен цифрлық тәуелділік құбылыстарының өзара байланысы қарастырылады. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында интернет пен әлеуметтік желілерді белсенді қолдану жасөспірімдердің психологиялық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер етеді. Зерттеу барысында кибербуллингтің цифрлық тәуелділіктің қалыптасуына ықпалы және керісінше, тәуелділіктің кибербуллингке ұшырау немесе оған қатысу ықтималдығын арттыратыны талданады. Сонымен қатар, аталған құбылыстардың психологиялық салдары мен алдын алу жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: кибербуллинг, цифрлық тәуелділік, жасөспірім, психологиялық әсер, әлеуметтік желі, интернет.

Қазіргі ақпараттық қоғамда интернет пен цифрлық технологиялар адамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Әсіресе жасөспірімдер арасында әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды пайдалану деңгейі жоғары. Бұл жағдай бір жағынан білім алу мен коммуникация мүмкіндіктерін кеңейтсе, екінші жағынан түрлі психологиялық және әлеуметтік мәселелердің туындауына әкелуде.

Солардың ішінде ең өзектілерінің бірі – кибербуллинг және цифрлық тәуелділік. Кибербуллинг деп – бұл интернет кеңістігінде жүзеге асатын агрессиялық әрекеттер жүйесі болса, ал цифрлық тәуелділік – адамның интернетті бақылаусыз және шамадан тыс қолдануы нәтижесінде қалыптасатын мінез-құлықтық бұзылыс. Бұл аталған екі құбылыс өзара тығыз байланысты және бір-бірін күшейтетін фактор ретінде қарастырылады. Сондықтан олардың байланысын зерттеу қазіргі педагогика мен психология ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, кибербуллинг – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асатын қасақана және қайталанатын психологиялық қысым көрсету түрі болып табылады. Оның негізгі ерекшеліктеріне анонимділік, кең аудиторияға таралу мүмкіндігі және әсер ету ұзақтығы жатады. Жасөспірімдер арасында кибербуллингтің кең таралуы және олардың психологиялық әл-ауқатына кері әсерін тигізеді. Ол мазасыздық, депрессия, әлеуметтік оқшаулану және өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Жасөспірімдер арасындағы ашық буллинг пен кибербуллинг көп жағдайда бір мезгілде орын алуы мүмкін. Алайда кибербуллингтің ерекшелігі – оның артында цифрлық іздің қалуы, яғни жазбалардың сақталуы. Бұл жазбалар кейін дәлел ретінде пайдаланылып, қорлау әрекеттерін тоқтатуға ықпал етеді [1].

Кибербуллингтің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның табиғаты бойынша қауіпсіз емес кеңістікте жүзеге асуы. Мектеп жағдайында баланың мінез-құлқын мұғалімдер бақыласа, үйде ата-аналар қадағалайды. Мұндай ортада буллинг көріністері көбінесе байқалып отырады (дегенмен, оған әрдайым тиісті деңгейде мән беріле бермейді).

Ал интернет кеңістігінде бала көп жағдайда өз бетімен қалады. Сондықтан оның қауіп-қатерлерді түсінуі және жеке қауіпсіздік мәселесіне саналы түрде қарауы аса маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда көптеген ғылыми әдебиеттерде кибербуллингтің бірнеше түрлерін төмендегідей қарастырады [2]:

- **флейминг** - көп қолданушы қатысатын онлайн ортада (чаттар, интернет-форумдар, әлеуметтік желілер және т.б.) «дау үшін дау» түрінде хабарламалар алмасу үдерісі;
- **троллинг** – адамның эмоциялық реакциясын тудыру және қақтығысты өршіту мақсатында арандатушы хабарламалар мен пікірлер жариялау (мазақ ету сипатында);
- **жала жабу** – адамның беделіне нұқсан келтіретін жалған ақпараттарды әдейі тарату;
- **киберсталкинг** – интернет арқылы қудалау немесе мазалау. Бұл жағдайда балаға тұрақты түрде жеке хабарламалар жіберіліп, қорқыту, қорлау, келеке ету әрекеттері жүзеге асады, сондай-ақ психологиялық қысым көрсету мақсатында түрлі «ойындар» ұйымдастырылады (мысалы, сұрақтар қойып, «қате» немесе «ақымақ» жауаптар үшін мазақ ету);
- **секстинг** – интимдік сипаттағы фотосуреттер мен бейнематериалдарды жіберу немесе тарату;
- **гриферлік әрекеттер** – бейнеойындар барысында моральдық немесе материалдық зиян келтіру;
- **құпия ақпаратты жариялау** – адамның жеке мәліметтерін интернет кеңістігінде ашық тарату;
- **кетфишинг** – жәбірленушінің фотосуреттері мен жеке деректерін заңсыз пайдалану арқылы жалған аккаунт жасап, сол аккаунттан жағымсыз контент жариялау. Бұл әрекет фрейпингтен айырмашылығы – күрделі техникалық әрекеттерді қажет етпейді, қолжетімді ақпараттың аз көлемі жеткілікті. Кетфишингпен күрестің қиындығы – оны дер кезінде анықтау әрдайым мүмкін бола бермейді;
- **диссинг** – жәбірленуші туралы беделіне нұқсан келтіретін ақпаратты онлайн түрде тарату. Аутингтен айырмашылығы – диссинг нақты шындыққа сәйкес келмеуі мүмкін ақпараттарды да қамтиды. Оффлайн кеңістікте бұл құбылыс көбінесе өсек-аяң түрінде көрінсе, әлеуметтік желілерде оған «фотожабалар», қорлайтын мемдер, қолдан жасалған хабарламалар мен жалған скриншоттар қосылады;
- **фрейпинг** – жәбірленушінің аккаунтына заңсыз қол жеткізіп, оның атынан жағымсыз немесе қорлайтын контент тарату;
- **бойкот** – жәбірленушіні интернеттегі барлық қарым-қатынас шеңберлерінен әдейі шығарып тастау;
- **аутинг** – адамның жеке ақпаратын оның келісімінсіз жариялау. Мұндай әрекет әдейі қорлау, бопсалау мақсатында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жеке ақпаратты тарату арқылы қорқыту, оны мұғалімдерге, құқық қорғау органдарына жеткізу немесе жала сипатындағы жарияланымдар жасау үшін қолдану да осы түрге жатады.

Кибербуллинг дәстүрлі буллингтен анонимділік қасиетімен ерекшеленеді. Зерттеулер көрсеткендей, «киберқұрбандар» көп жағдайда агрессордың кім екенін білмейді [3].

Бұл тұрғыдағы анонимділіктен бөлек, кибербуллинктің негізгі мынадай ерекшеліктері бар:

1. Қудалау тәулігіне 24 сағат бойы жалғасады. Бұл балалардың әлеуметтік желілер мен электрондық құрылғыларға тұрақты түрде қосылып отыруымен байланысты болады.
2. Кез келген ерекшелік (сыртқы келбет, мінез-құлық, қызығушылық және т.б.) буллингтің себебі бола алады.
3. Бала әртүрлі себептерге байланысты буллинг фактісін жиі жасырады. Олар: ұялу, психологиялық күйзелісті көтере алмау, қарама-қайшы эмоциялардың әсері. Ата-аналар баланың жанында болғанымен, ол қажетті көмекті әрдайым ала бермейді.
4. Агрессор ретінде таныс адамдар да, бейтаныс тұлғалар да әрекет етеді.

Психолог-зерттеушілердің еңбегінде жазасыз қалу мүмкіндігі және агрессорды анықтаудың (деанонимизациялаудың) қиындығы және оның өзін аз жауапты әрі қауіпсіз сезінуіне ықпал ететіндігін былай көрсетеді: «Кибербуллинг баланың физикалық орналасқан жеріне тәуелсіз жүзеге асады. Мектептегі оффлайн буллинг жағдайында жәбірленуші

мұғалімдер тарапынан қолдау табуы мүмкін болса, виртуалды ортадағы құрбандар мұндай қолдауға әрдайым ие бола бермейді».

Сонымен қатар, кибербуллингтің салдары әртүрлі және олардың ауырлық деңгейі де айтарлықтай өзгешеленеді. Бұл құбылыс келесі психологиялық және әлеуметтік төмендегідей мәселелерге әкеледі:

- мазасыздық деңгейінің артуы;
- стресс;
- ұйқының бұзылуы;
- психосоматикалық бұзылыстар;
- оқу үлгерімінің төмендеуі және сабақтан қалу;
- өзін-өзі бағалаудың төмендеуі;
- депрессиялық күйдің қалыптасуы.

Балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық конвенциялар, атап айтқанда, Бала құқықтары туралы конвенция, Еуропа Кеңесінің балаларды жыныстық қанаудан және зорлық-зомбылықтан қорғау туралы конвенциясы және Киберқылмыс туралы конвенция балалардың негізгі құқықтарын айқындап, мемлекеттердің оларды әртүрлі зорлық-зомбылық түрлерінен қорғау жөніндегі міндеттемелерін нақтылайды. Осы тұрғыда, еліміздің «Бала құқықтарын қорғау туралы» Заңында да қарастырады.

Әлеуметтік желілердің өз ішінде пайдаланушыларға арналған белгілі бір нормалар (ережелер, стандарттар және т.б.) қалыптасқан. Мысалы, Facebook платформасында Қауымдастық стандарттары, ал Instagram желісінде Қауымдастық ережелері бекітілген және пайдаланушылардан осы талаптарды сақтау талап етіледі. Аталған платформалар өз ережелерінің бұзылуын анықтаған жағдайда (мысалы, қорлау, қудалау немесе кибербуллинг көріністері), мұндай контентті жою шараларын қолданады. Егер пайдаланушы контенттің қате түрде жойылғанын деп есептесе, онда қолдау орталығы арқылы апелляция беру мүмкіндігі қарастырылады.

Ал, жасөспірімдердің цифрлыққа тәуелділігі - интернетті, әлеуметтік желілерді немесе онлайн ойындарды шамадан тыс қолдануға байланысты қалыптасатын тәуелділігі. Интернетке тәуелділік ұғымын ХХ ғасырдың соңында, нақтырақ айтқанда 1996 жылы психиатр Иван Гольдберг енгізген. Ол интернетке тәуелділікті Интернет пен компьютерді шамадан тыс қолдану нәтижесінде пайда болатын мінез-құлық бұзылысы ретінде қарастырып, оның тұлғаның тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, кәсіби, отбасылық, қаржылық және психологиялық қызмет салаларына кері әсер ететінін атап көрсетеді [4].

Психологияда интернетке тәуелділік мәселесі де шамамен осы кезеңде, яғни ХХІ ғасырдың басынан бастап зерттеле бастады. Ойынға тәуелділік интернетке тәуелділіктің бір түрі ретінде қарастырылып, ол бейнеойындар мен компьютерлік ойындарға шамадан тыс әуестену арқылы көрініс табады.

Соңғы уақыттардағы интернетті қолданудың мүмкіндіктері мен жағымсыз әсерлеріне арналған зерттеулердің көлемі соншалықты ауқымды болғандықтан, олардың барлығын бір мақала аясында толық сипаттау мүмкін емес.

Мәселен, зерттеуші-ғалымдар А.Л. Журавлев пен Т.А. Нестиктердің еңбектерінде интернет тұлғаның когнитивтік сипаттамаларының дамуына әсерін сипаттайды. Зерттеушілердің нәтижелері екі параллель үдерістің бар екенін көрсетеді: бір жағынан, ақпараттың үлкен көлемін өңдеу қабілетінің артуы, екінші жағынан, сонымен қатар зейіннің шоғырлануы мен есте сақтау қабілетінің төмендеуі байқалады [5].

Зерттеулердің тағы бір бағыты тұлғалардың желілердегі ойынға тәуелділігінің тұлғалық сипаттарға әсеріне арналған. Бұл тұрғыда, ізденушілер 2017 жылы П.И. Ермоленко мен Ю.В. Щербатов жүргізген зерттеуде «компьютерлік ойындар маңызды өмірлік қажеттіліктердің мәнін төмендетіп, тұлғаның «Мен-концепциясының» бұзылуына қауіп төндіреді» [6] - деп көрсетілген.

Интернетке тәуелділік пен психологиялық қорғаныс механизмдерінің өзара байланысының әртүрлі аспектілерін анықтауға бағытталған зерттеулер саны салыстырмалы

түрде кездеседі. Ғылыми әдебиеттерді талдауда бұл мәселенің екі негізгі қырынан қарастырылатынын көрсетеді.

Бірінші бағытта, интернетке тәуелділік тұлғаның психологиялық қорғаныс түрлерінің бірі ретінде аксиомалық тұрғыда қарастырылып, бұл екі құбылыс біртұтас конструкт ретінде біріктіріледі [7].

Ресейлік зерттеушілер П.И. Ермоленко мен Г.Н. Ларина интернетке тәуелді мінез-құлықтың ерлер мен әйелдердегі психологиялық қорғаныс түрі ретіндегі ерекшеліктерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері экстремалды жағдайларда ер адамдардың көбіне компьютерлік онлайн ойындарға әуестенетінін, ал әйелдердің әлеуметтік желілер мен форумдарда шамадан тыс қарым-қатынасқа түсетінін көрсетеді. Сонымен қатар, ер адамдарда қорғаныс реакциясын іске қосатын триггер – жоғары жауапкершілікті өз мойнына алу жағдайы, оны жүзеге асыра алмау сезімі болса, әйелдерде бұл реакция қоршаған ортадан жеткілікті қолдау сезінбеген жағдайда белсендіріледі. Мұндай жағдайда әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас пен өзгенің өмірін бақылау әлеуметтік қолдаудың орнын толтыру құралы ретінде қызмет етеді [7].

Зерттеулердің екінші бағыты - интернетке тәуелділік пен түрлі копинг-стратегиялар және психологиялық қорғаныс механизмдері арасындағы корреляциялық байланыстарды эмпирикалық тұрғыда дәлелдеуге бағыттайды. Бұл реттегі, копингтік мінез-құлық дегеніміз - бұл адамның әртүрлі өмірлік жағдайлармен күресуіне мүмкіндік беретін мінез-құлық стратегияларын білдіреді. Ал, Психологиялық қорғаныс механизмдері өз функциясы жағынан копингтік мінез-құлыққа ұқсас болғанымен, көптеген авторлар оларды бөлек феномендер ретінде қарастырады.

Сондай-ақ, ғылыми әдебиеттерде цифрлық тәуелділік белгілеріне мыналарды жатқыздырады:

- Интернетте ұзақ уақыт өткізу;
- Уақытты бақылаудың төмендеуі;
- Шынайы өмірден оқшаулану;
- Эмоционалдық тұрғыдан тәуелді болу.

Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық тәуелділігі бар жасөспірімдер интернет кеңістігінде көбірек уақыт өткізетіндіктен, кибербуллингке жиі ұшырайды немесе оның қатысушысы болады. Бұл байланысты екіжақты сипатқа ие екендігін қарстырады:

1. **Цифрлық тәуелділік → кибербуллинг.** Интернетті шамадан тыс қолдану агрессия мен импульсивтілікті арттырып, кибербуллинг әрекеттеріне итермелеуі мүмкін.

2. **Кибербуллинг → цифрлық тәуелділік.** Кибербуллинг құрбандары көбінесе әлеуметтік желілерге қайта-қайта кіріп, жағдайды бақылауға тырысады, бұл тәуелділіктің қалыптасуына әкеледі.

Сондықтан білім беру жүйесінде бұл мәселеге ерекше назар аудару қажет. Мұғалімдер мен ата-аналар жасөспірімдердің цифрлық мінез-құлқын бақылап, алдын алу жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Олай болса, біздің пікірімізше кибербуллинг пен цифрлық тәуелділік өзара тығыз байланысты құбылыстар болып табылатындығын аңғаруымызға болады. Себебі, біріншіден - цифрлық тәуелділікке ұшыраған жасөспірімдер интернет кеңістігінде көп уақыт өткізетіндіктен, кибербуллингке жиі тап болады немесе оған қатысушы болуы мүмкін. Ұзақ уақыт онлайн болу олардың агрессиялық мінез-құлқының қалыптасуына немесе әлеуметтік нормалардың бұзылуына ықпал етеді.

Екіншіден - кибербуллингтің құрбандары көбінесе әлеуметтік желілерге қайта-қайта кіріп, өздеріне қатысты ақпаратты бақылауға тырысады. Бұл жағдай олардың интернетке тәуелділігінің күшеюіне алып келеді. Яғни, кибербуллинг цифрлық тәуелділіктің дамуына себепші фактор ретінде көрінеді. Сонымен қатар, екі құбылыс та жасөспірімдердің психологиялық жағдайына кері әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, кибербуллингке ұшыраған және цифрлық тәуелділігі бар жасөспірімдерде мазасыздық, стресс, депрессия, ұйқының бұзылуы және өзін-өзі бағалаудың төмендеуі жиі кездеседі. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне және оқу үлгеріміне де теріс ықпал етеді.

Кибербуллинг пен цифрлық тәуелділіктің өзара байланысын түсіну олардың алдын алу мен түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін маңызды. Осыған байланысты білім беру ұйымдарында цифрлық сауаттылықты арттыру, психологиялық қолдау көрсету, ата-аналар мен мұғалімдердің бақылауын күшейту, сондай-ақ интернет қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, кибербуллинг пен цифрлық тәуелділік бір-бірімен тығыз байланыстағы және өзара әсер ететін күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар болып табылады. Оларды кешенді түрде зерттеу және алдын алу қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Chen, S.H. Development of Chinese Internet Addiction Scale and Its Psychometric Study
/ S.H. Chen // Chinese Journal of Psychology. – 2003. – № 45(3). – P. 279-294. DOI: 10.1037/t44491-000.
2. Тиркашева Г.М. Кибербуллинг среди детей: понятие, современные формы и защитные механизмы // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences.
-VOLUME 2. – May 2022. – P.84-93. ISSUE 5. ISSN 2181-1784.
3. Kowalski R.M., Limber S.P. Electronic bullying among middle school students.
// Journal of Adolescent Health, 41, - 2007.
4. Журавлев, А.Л. Социально-психологические последствия внедрения новых технологий: перспективные направления исследований / А.Л. Журавлев, Т.А. Нестик // Психологический журнал. – 2019. – № 5. – С. 35-47.
5. Ермоленко, П.И. Ролевые компьютерные игры и формирование зависимости человека от компьютера / П.И. Ермоленко, Ю.В. Щербатых // Психология в современном мире. Сборник статей Международной научно-практической конференции. – Москва, 2017. – С.303-306.
6. Ермоленко, П.И. Интернет-зависимость как механизм психологической защиты личности в экстремальных ситуациях / П.И. Ермоленко, Г.Н. Ларина // Материалы региональной научно-практической конференции студентов, аспирантов и молодых преподавателей. Выпуск 1. Курск: Закрытое акционерное общество «Университетская книга», 2021. – С. 35-38.
7. <https://www.unicef.org/uzbekistan/%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D1%82%D1%8C-%D0%BD%D0%B0%D1%81%D0%B8%D0%BB%D0%B8%D0%B5-%D0%BA%D0%B8%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%B1%D1%83%D0%BB%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3> (Қаралған күн: 16.03.2026ж.)